


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық  
мектеп – интернат» кешені» ММ



# **Сапа саясаты**

**Павлодар, 2018**

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені» ММ жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, қазіргі заманғы материалдық-техникалық ресурстармен, жоғары білікті кадрлармен, бай рухани және ғылыми мұрасымен қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.**



«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені ММ – де Павлодар облысында кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін сабақтастық қағидаттарында құрылған, әртүрлі деңгейлі модульдерден тұратын жұмыс жүйесі қолданылады.

Үш модуль бастауыш және орта музыкалық білім беру болып табылады: Базалық балалар музыкалық тәжірибе мектебі, дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернаты, Ш. Әбилов ат. академиялық вокал мектебі.

Бір модуль техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі: Музыкалық колледж.

### **Кешеннің сапасын қамтамасыз ету саясаты**

білім беру саласындағы Ұлттық саясатқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұжырымдаған Білім және ғылым мемлекеттік бағдарламасына **сәйкес келеді**,

сапаны қамтамасыз ету принциптерін қоса алғанда, білім беру мен оқытуға қатысты Кешеннің жалпы пайымын **қамтиды**,

білім беру саласындағы Кешеннің стратегиясына қолдау жасайды және Кешеннің білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз етуге және одан әрі дамытуға бағытталған жұмысқа **ықпал етеді**.

### **Сапа саясаты болашақ бағдарына, Стратегиялық мақсатқа және бөлімдердің миссиясына сәйкес келеді**

#### **Кешеннің болашаққа бағдары**

Музыкалық білім беру саласында инновациялық, ақпараттық технологияларды енгізу және белсенді қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастырудың, Қазақстанның коммуникативтік-ақпараттық ортасы жағдайында тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытудың орталығы болу.

#### **Кешеннің стратегиялық мақсаты**

Ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде кәсіби тұлғаны қалыптастыру, дамыту, музыкалық білім, мәдениет және өнер саласында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау мақсатында негізгі орта, техникалық және кәсіптік білім беру стандарттарына сәйкес кәсіби музыкалық білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, білім беру қызметтерін сапалы көрсету.

#### **Миссиялар**

##### **Базалық балалар музыкалық тәжірибе мектебі**

Болашақ педагогтардың психологиялық-педагогикалық мәдениетінің құраушысы ретінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және дамыту мақсатында тәжірибелік оқыту үшін жағдай жасау; оқушылардың кәсіби бағдарына бағытталған бастапқы музыкалық білім беру, шығармашылық әлеуетті, орындаушылық шеберлікті дамыту.

##### **Дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернаты**

Білім берудің жаңартылған мазмұнын ескере отырып, балалардың музыкалық дарындылығын дамыту үшін жағдай жасау және одан әрі кәсіптік оқытуға дайындау.

##### **Ш. Абилов ат. академиялық вокал мектебі**

Балалар вокалдық өнерін дамыту, балалар дауысын қорғау мақсатында ұлттық вокалдық мектептің деңгейін арттыру.

##### **Музыкалық колледж**

Кәсіби музыкалық білім беру жүйесінде негізгі және кәсіби құзыреттілерге ие, жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды оқыту, мәдениет және өнер саласына болашақ оқытушы және орындаушы кадрларды даярлау.

## Құндылықтар

Білім	Отансүйгіштік
Руханият	Академиялық адалдық
Кәсібилік	Инновациялылық
Бәсекеге қабілеттілік	Креативтілік

## Сапа саясатының қағидаттары

1. Сапаны қамтамасыз ету және оны құжаттау үшін жалпы жауапкершілік Кешен басшысына жүктеледі және басшының орынбасарларымен, оқытушылармен, әкімшілік-техникалық персоналмен және студенттермен ынтымақтастықта орындалады.

2. Сапаны қамтамасыз ету саясаты білім беру бағдарламаларының сапасын жүзеге асырылуын және дамуын қамтамасыз етудің негізгі қатысушылары болып табылатын барлық бөлімдердің болған кезінде жүзеге асырылады.

3. Сапаны қамтамасыз етуді дамытуда Кешен кәсіпқойлылыққа, диалогқа және білім алмасуға негізделеді. Сапаны қамтамасыз ету білім берудің барлық саласы шеңберінде сапаны жүйелі және тұрақты дамытуды қолдайды, сондай-ақ құжаттамаға қатысты заңнамалық талаптарға сәйкес болу үшін жеткілікті ретроспективті фокусты қамтиды.

4. Сыртқы мүдделі тараптар сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі бола отырып, тұрақты негізде процеске тартылған.

5. Міндеттерді нақты бөлу негізінде ұйымның барлық деңгейлеріндегі процеске тартылған қатысушылардың тиісті рәсімдер мен ережелердің нақты міндеттерін түсіндіру және енгізу сапаны жүйелі түрде қамтамасыз етудің алғышарты болып табылады.

6. Сапа жүйесі Кешен қызметінің барлық бағыттарын қамтиды: оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, білім алушылар, ата-аналар үшін ашық.

7. Колледж кадрлары, оқу-материалдық базасы, оқу-әдістемелік тәжірибесі, тәрбие жұмысының дәстүрлері саясатты жүзеге асырудың ресурстары болып табылады.

## Сапа саясатының негізгі бағыттары

1. Жоғары бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету, музыкалық білім беру, мәдениет және өнер саласында кадрлар даярлаудың көшбасшы - білім беру мекемесі ретінде Кешеннің жеке имиджін қалыптастыру.

2. Білім беру сатысын: бастауыш, орта, кәсіптік музыкалық білім беру және жаңа мамандықтарды ашу арқылы еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, білім беру қызметтерінің спектрін кеңейту.

3. Кешенде әр блок басқа блокқа қатысты кәсіби базалық және тәжірибелік болып табылатын үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін сабақтастық қағидаттарында (мектеп – колледж) құрылған білім беру қызметін қамтамасыз ету.

4. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес білім алушылардың заманауи сапалы білім алуына және кәсіптік музыкалық дайындығына кепілдік беретін, білім берудегі мемлекеттік және халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін, оқу процесінде инновацияларды, ақпараттық – компьютерлік технологияларды белсенді пайдаланатын инновациялық оқу орны болу.

5. Білім беру бағдарламаларын іске асыруда сапаның сәйкестігін қамтамасыз ету үшін Кешеннің білім беру қызметін жетілдіру.

6. Білім алушының жеке әлеуетін барынша толық ашуға, оның өзін-өзі анықтауына және өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін мәдени-шығармашылық тәрбие ортасын құру; әрбір жаңаша жас кезеңінде дарынды жастардың дамуын қолдау сәтінде білім берудің өтпелі кезеңдері арасында психологиялық-педагогикалық көмекті жүзеге асыру.

7. Өңірді мамандық шеңберінде білімі мен біліктілігі бар, оның еңбек нарығындағы әлеуметтік ұтқырлығы мен тұрақтылығына ықпал ететін жеке қасиеттері бар, орта буын мамандары, музыкалық білім беру саласындағы жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

8. Білім беруді басқару органдарымен, түрлі үлгідегі және деңгейдегі білім беру мекемелерімен, жұмыс берушілермен және білім беру қызметтерінің өзге де тұтынушыларымен өзара тиімді қарым-қатынас орнату есебінен білім беру қызметтері нарығындағы сенімді серіктес ретінде Кешеннің имиджін нығайту, өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың мүдделеріне бағдарлану.

9. Нәтижелі, білім беру және ақпараттық технологияларды меңгеруде педагогтардың кәсіби-тұлғалық өздігінен білім алу жүйесін құру, танымдық ортаның жоғары деңгейін құру, нәтижесінде білім беру сапасын қамтамасыз ететін әрбір педагогтің кәсіби мәртебесін арттыруға бағытталған Кешеннің ғылыми – зерттеу жұмысын дамыту.

11. Кәсіби оқытуды жүзеге асыру, материалдық, әдістемелік қамтамасыз ету, облыста және одан тыс жерлерде музыкалық білім беру саласында тәжірибені жинақтау және тарату, Музыкалық білім беру ұйымдары пайдаланатын заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды меңгерумен байланысты педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында оқу-әдістемелік ресурстық орталық болу.

12. Ақпараттандыру, Кешен қызметінің негізгі бағыттарын цифрландыру, сапаны қамтамасыз ету саясатын іске асыруға кепілдік беретін материалдық-техникалық базаны дамыту.

13. Кешеннің басқару жүйесін және ұйымдық құрылымын оңтайландыру.

14. Түрлі бағыттағы және жанрлардағы музыканы танымал етуге, орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған Кешеннің белсенді концерттік-орындаушылық, конкурстық қызметі.

15. Халықаралық оқу деңгейіне шығуға мүмкіндік беретін ауқымды инновациялық жобаларға қатысу, қазақстандық музыкалық білім беруді танымал етуге, елдер арасында достық байланыстарды орнатуға, республикада қалыптасқан жаңа формациядағы музыканттарды даярлаудың бірегей жүйесін сақтауға ықпал ету.

16. Материалдық және қаржылық қамтамасыз ету жүйесін, сондай-ақ колледж оқушылары мен қызметкерлерінің әлеуметтік қорғалуын жетілдіру.

**Колледж басшылығы өзіне келесі міндеттемелерді алады:**

- осы саясатты Кешеннің барлық қызметкерлерінің назарына жеткізу және әрбір құрылымдық бөлімде оның түсінігін қамтамасыз ету;

- осы саясатты және оның негізгі бағыттарын іске асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;

- Құзыреттілігін үздіксіз арттыру, ынталандыру, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы Кешен қызметкерлерін сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;

- білім беру сапасын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған қажетті алдын алу және түзету іс-әрекеттерін қабылдаудың негізі ретінде барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

12.09.2018 жылы № 1 педагогикалық кеңес отырысында қаралды.

«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп – интернат» кешені» ММ басшысы



С.К. Сыздықов

## Сапаны қамтамасыз ету саясатына толықтыру

Сапаны қамтамасыз ету принципі бөлімі толықтыруға ұсынылған:

- Сапаны қамтамасыз ету және оны құжаттау үшін жалпы жауапкершілік Кешен басшысына/ басшының орынбасарларына/ бөлімдерге жүктеледі және әкімшілік, оқытушылар, әкімшілік-техникалық персоналмен және студенттермен ынтымақтастықта орындалады,

- Міндеттерді нақты бөлу негізінде ұйымның барлық деңгейлерінде қатысушылардың процеске тартылған тиісті рәсімдер мен ережелерді, нақты міндеттерді түсіндіру, мәлімдеу және енгізу сапаны жүйелі түрде қамтамасыз етудің алғышарты болып табылады.

**Талап етілетін толықтыру:** сапаны қамтамасыз ету саясатын іске асыратын қатысушылар арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті мақсатты түрде беру.

**Толықтыру.** Сапаны қамтамасыз ету саясатын іске асыратын қатысушылар арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті беру.

### 1.Сапаны қамтамасыз етудің ішкі саясатына жауапкершілік

1.1.Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ету және арттыру Кешен басшылығы мен ББ өкілдері арасындағы жалпы жауапкершілік болып табылады.

1.2.**Кешен басшысы** кешенге жалпы басшылықты жүзеге асырады, толық көлемде қамтамасыз етеді және нормативтік және заңнамалық талаптарға сәйкес кешеннің сапасын қамтамасыз ету саясатын құжаттандыруға, іске асыруға жауапты болады, Стратегиялық даму жоспарында да көрсетілген деңгейде сапаны қамтамасыз ету және тәуекелдерді басқару саясатының қалыптасуы мен нәтижелі жұмыс істеуі үшін жауапты болады.

1.3.**Басшының орынбасарлары** кешенді дамыту тұжырымдамасын айқындайтын және өзінің құрылымдық бөлімшесі қызметінің барлық түрлерін ұйымдастыру мәселелері бойынша шешім қабылдайтын құрылымдық бөлімшелердің өкілдері болып табылады. Кешен сапасын қамтамасыз ету саясатын, ББ, білім беру сапасының стандарттарын құжаттандыруға, бекітуге жауап береді, мүдделі тараптар мен кең жұртшылықты кешен қызметі туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.

Өз кезегінде:

1.3.1.**Басшының оқу жұмысы, бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарлары** басшымен бірге сапаны қамтамасыз ету саясатының бағыттарын, өз бөлімшесінің (колледж/мектеп) Даму стратегиясын әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етеді, білім беру процесінің барлық бағыттары бойынша қызметтің нәтижелілігі, ББ әзірлеу және мониторинг процедуралары үшін жауапты болады. Стратегиялық құжаттардың орындалу мониторингін, ішкі нормативтік құжаттарды басқаруды, бағалаудың ішкі және сыртқы рәсімдерінің қорытындылары бойынша ББ жетілдіру жөніндегі шараларды және кешен қызметін әзірлеуді жүзеге асырады.

1.3.2.**Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары** басшымен бірге оқу-тәрбие бағытының сапасын қамтамасыз ету саясаты бағыттарының орындалуына жауапты болады. Өзінің құрылымдық бөлімшесінің

(колледж/мектеп) тәрбие және әлеуметтік қызметіне басшылықты жүзеге асырады, білім алушылар үшін әлеуметтік жағдайлардың сапасын қамтамасыз етуге жауапты болады.

**1.3.3.Басшының оқу-өндірістік тәжірибе жөніндегі орынбасары** басшымен бірге тәжірибелік бағыт сапасын қамтамасыз ету саясатының бағыттарын орындауға жауапты болады, колледждің оқу-тәжірибелік қызметіне басшылық жасайды, кәсіби тәжірибе үшін қолайлы жағдай жасайды.

**1.4.Әдістемелік қызмет** басқа қызметтермен бірлесіп, сапаны қамтамасыз ету саясатын, кешенді дамыту стратегиясын әзірлеуге қатысады, кешен мен ББ әдістемелік, ғылыми және инновациялық қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. ББ жетілдіруді қамтамасыз етеді және ғылыми зерттеулер, инновациялар, оқыту және оқыту арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді, білім беру сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды анықтайды және әзірлейді, білім беру процесін әдістемелік және оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасына мониторинг жүргізеді, педагогтардың оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруды жүзеге асырады.

**1.5.Сынып жетекшілері** бөлімге жалпы басшылық жасайды, өз білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз етудің әзірленген және бекітілген саясатын іске асыруға, білім беру бағдарламасының қызметін реттейтін стандарттар мен талаптарды орындауға жауапты.

**1.7.Ақпараттық қызмет** білім беру үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізу үшін жағдай жасайды.

**1.8.Педагогикалық ұжым және білім алушылар** (колледж – мектеп) білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету және дамыту саясатының негізгі қатысушылары болып табылады.

**1.9.Сыртқы мүдделі тараптар** тұрақты негізде процеске тартылған, сапаны қамтамасыз етуді бағалау мен дамытудың бір бөлігі болып табылады.

22.11.2019 жылғы

№ 2 педагогикалық кеңесте  
қаралды және толықтырылды

Басшы



С.К. Сыздықов